

**"Қазақстан Республикасында педиатриялық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 15 наурыздағы № ҚР ДСМ-25 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2025 жылғы 21 ақпандағы № 11 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылы 24 ақпанда № 35745 болып тіркелді

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Қазақстан Республикасында педиатриялық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 15 наурыздағы № ҚР ДСМ-25 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 27182 болып тіркелген) бұйрығына мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген педиатриялық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандарты осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Ана мен бала денсаулығын сақтау департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуді;

2) осы бұйрықты ресми жариялағаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрі*

*А. Альназарова*

**"КЕЛІСІЛДІ"**

Қазақстан Республикасы

Оқу-ағарту министрлігі

**"КЕЛІСІЛДІ"**

Қазақстан Республикасы

Ішкі істер министрлігі  
"КЕЛІСІЛДІ"  
Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрлігі

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрі  
2025 жылғы 21 ақпандағы  
№ 11 бұйрығына  
қосымша

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрінің  
2022 жылғы 15 наурыздағы  
№ ҚР ДСМ-25 бұйрығына  
қосымша

## Қазақстан Республикасында педиатриялық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандарты

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасында педиатриялық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандарты (бұдан әрі – Стандарт) "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі 7-бабының 32) тармақшасына және 138 бабына (бұдан әрі – Кодекс) сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы заңнамасына сәйкес балаларға педиатриялық көмек көрсетуді ұйымдастыру қағидаттарына қойылатын талаптар мен қағидаларды белгілейді.

2. Педиатриялық көмек он сегіз жасқа (кәмелеттік жасқа) толмаған балаларға (бұдан әрі – балалар) Кодекстің 117, 118-баптарына сәйкес нысандарда және жағдайларда көрсетіледі.

3. Медициналық ұйымдар (бұдан әрі – МҰ) педиатриялық көмек көрсетудің барлық кезеңдерінде сабақтастықты сақтай отырып, балаларды профилактикалауға, ерте диагностикалауға, емдеуге бағытталған іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз етеді.

4. Балаларға медициналық көмек Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің тізбесін бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы" 2020 жылғы 16 қазандағы № 672, "Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіндегі медициналық көмектің тізбесін бекіту туралы" 2019 жылғы 20 маусымдағы № 421 қаулыларына сәйкес тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (бұдан әрі – ТМККК) шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек көрсетуге үміткер денсаулық сақтау субъектілерімен жүзеге асырылады.

5. Балаларға қатысты физикалық зорлық-зомбылық фактілерін анықтаған МҰ тиісті көлемде медициналық көмек көрсетеді және ақпарат түскен күні ішкі істер

органдарына және бала құқықтарының кепілдіктерін жүзеге асыру жөніндегі жергілікті атқарушы органдарға хабарлайды.

6. МҰ "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын, сондай-ақ оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығына сәйкес (бұдан әрі – № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрық) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) денсаулық саласындағы медициналық есепке алу құжаттамасының нысандарын жүргізуді қамтамасыз етеді.

7. Педиатриялық көмек көрсететін МҰ-да балалардың қауіпсіздігі мен санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ете отырып, балаларға жайлы болуын қамтамасыз ететін орта (түрлі-түсті интерьер, балалар ойын аймақтары, ойыншықтар) құрылады.

8. Педиатриялық көмек көрсететін МҰ-да емшек сүтін алмастырғыштарды жарнамалауға жол берілмейді.

9. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдары патронаждық байқаудың тиімділігін үйлестіру мен бағалауды жүзеге асыра отырып, патронаждың әмбебап прогрессивті моделі және жұмыс орнында балалық шақтағы ауруларды ықпалдастыра қарау бойынша бастапқы медициналық-санитариялық көмек мамандарының біліктілігін үздіксіз арттыруды жүзеге асыратын оқу-әдістемелік орталық (бұдан әрі – ОӘО) құрады.

10. ОӘО мынадай функцияларды атқарады:

1) үздіксіз оқытуды ұйымдастыру және өткізу:

жүктілік кезінде, босанғаннан кейінгі кезеңде әйелдер мен балаларды патронаждық бақылауды жүзеге асыратын МҰ мамандары (акушерлер, педиатрлар, жалпы практика дәрігерлері, психологтар, әлеуметтік қызметкерлер, фельдшерлер);

патронадық мейіргерлер;

супервизорлар;

балаларға шұғыл көмек көрсету бойынша МҰ медицина қызметкерлері (дәрігерлер, орта медициналық персонал, фельдшерлер).

2) патронаждық мейіргерлерінің кеңес беру дағдыларын қалыптастыру;

3) патронаждың әмбебап прогрессивті моделі және балалық шақтағы ауруларды ықпалдастыра қарау бойынша өңірдегі медицина қызметкерлерінің үздіксіз кәсіби дамуына мониторинг жүргізу;

4) Медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін өңірлік МҰ-ға (бұдан әрі – МСАК МҰ) қолдаушы және сыртқы супервизияның сапарларын өткізу;

5) медициналық қызметкерлердің балаларға шұғыл көмек көрсетуге дайындығын мониторингілеу.

11. Осы Стандартта қолданылатын терминдер мен анықтамалар:

1) БЖАЫҚ – бес жасқа дейінгі балаларға уақтылы және сапалы медициналық көмек көрсетуге, олардың сырқаттанушылығын, өлімін, мүгедектігін азайтуға, сондай-ақ физикалық, психоэлеуметтік және эмоциялық дамуын жақсартуға бағытталған Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДДҰ) және Біріккен Ұлттар Ұйымының Балалар Қоры (ЮНИСЕФ) ұсынған стратегия;

2) бала (балалар) – он сегіз жасқа (кәмелетке) толмаған адам;

3) үй жағдайында патронаждық қызмет көрсетудің әмбебап прогрессивті моделі (бұдан әрі – ПӨПМ) – бұл жүкті әйелдердің, босанған әйелдердің, жаңа туған нәрестелердің және бес жасқа дейінгі балалардың денсаулығы мен дамуына қауіп төндіретін медициналық және әлеуметтік тәуекелдерді анықтауға және азайтуға бағытталған үйде патронаждық бақылаудың аралас моделі;

4) медициналық-санитариялық алғашқы көмек – адам, отбасы және қоғам деңгейінде көрсетілетін аурулар мен жай-күйлердің профилактикасын, диагностикасын, емін қамтитын, халықтың мұқтажына бағдарланған медициналық көмекке алғашқы қол жеткізу орны (бұдан әрі – МСАК);

5) медициналық ақпараттық жүйе – денсаулық сақтау субъектілерінің процестерін электрондық форматта жүргізуді қамтамасыз ететін ақпараттық жүйе (бұдан әрі – МАЖ);

6) супервизия – тікелей бақылау сапарлары құралдарын, анықталған проблемалар бойынша мастер-класстарды пайдалана отырып, патронаждық байқау процесін жақсарту және ілгерілету мақсатында, сондай-ақ медициналық персоналдың психологиялық қолдау және эмоционалдық күйіп қалуының алдын алу мақсатында МСАК МҰ қолдаушы немесе сыртқы мониторингінің сапарлары.

## **2-тарау. Педиатриялық көмек көрсететін ұйымдардың құрылымы**

12. Амбулаториялық жағдайда педиатриялық көмекті МСАК ұйымдары көрсететін МҰ "Медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 24 тамыздағы № ҚР ДСМ-90 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 24094 тіркелген), "Қазақстан Республикасында медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 30 наурыздағы № 49 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32160 болып тіркелген) және осы Стандартпен сәйкес жүзеге асырады.

13. МСАК стандартына сәйкес бекітілген халыққа қызмет көрсету үшін МСАК МҰ, МСАК мамандарын бекіте отырып, учаске қалыптастырылады.

14. Жүкті әйелдерге, босанатын әйелдерге және бес жасқа дейінгі балаларға патронаж жасауды жүкті әйелдерге, босанатын әйелдерге және бес жасқа дейінгі балаларға патронаж жасауды жүзеге асыратын мейіргер (бұдан әрі – патронаждық мейіргер) "Денсаулық сақтау саласындағы мамандықтар мен мамандандырулар номенклатурасын, денсаулық сақтау қызметкерлері лауазымдарының номенклатурасы мен біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-305/2020 бұйрығына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21856 болып тіркелген) (бұдан әрі – № ҚР ДСМ-305/2020 бұйрық) жүргізеді.

50 жүкті әйелге, босанғандарға және 5 жасқа дейінгі 300 балаға 1 патронаждық мейіргер лауазымы есебінен белгіленеді.

15. Амбулаториялық жағдайда МСАК МҰ құрылымында және консультативтік-диагностикалық орталықтарда педиатр кабинеті құрылады.

16. Медициналық және әлеуметтік тәуекелдерді уақтылы анықтау мақсатында балалар халқы тіркелген МСАК МҰ даму және ерте араласу орталығы (бұдан әрі – ДЕАО) құрылады.

17. ДЕАО құрылымы мыналарды қамтиды:

жүкті әйелдер мен бес жасқа дейінгі балаларды әмбебап және прогрессивті патронаж бақылаудың супервизиясын жүзеге асыратын дәрігердің кабинеті;

патронаждық мейіргер кабинеті;

баланы дамыту кабинеті (бұдан әрі – БДК), тамақтану жөніндегі ресурстық орталық ;

шуды оқшаулаумен аудиологиялық және психофизикалық скринингтер жүргізуге арналған кабинеті.

18. Стационарлық жағдайларда педиатриялық көмекті босандыру ұйымдары, көпбейінді және мамандандырылған стационарлар, республикалық деңгейдегі медициналық ұйымдар шұғыл, кезек күттірмейтін және жоспарлы нысандарда жүзеге асырады.

19. Амбулаториялық жағдайда балаларға мамандандырылған көмектің қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін көпбейінді балалар стационарларының құрылымында консультациялық-диагностикалық орталық құрылады.

20. Бес жастан кіші емес балаларға стационарды алмастыратын жағдайларда медициналық көмекті МСАК МҰ, көпбейінді және мамандандырылған стационарлар жүзеге асырады.

21. Төсек қорының құрылымы жыл сайын қайта қаралады және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдары өңірдің балалар халқының өлім-жітімінің, сырқаттанушылығының және мүгедектігінің құрылымына талдау жүргізу негізінде айқындалатын қажеттілікке сүйене отырып бекітеді.

22. Орта білім беру ұйымдарында медициналық көмек көрсету "Орта білім беру ұйымдарында медициналық көмек көрсету стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 14 наурыздағы № 37 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32069 болып тіркелген) сәйкес амбулаториялық жағдайда МСАК МҰ жүзеге асырылады.

### **3-тарау. Педиатриялық көмек көрсететін ұйымдар қызметінің негізгі міндеттері мен бағыттары**

23. Педиатриялық көмек көрсететін МҰ қызметінің негізгі міндеттері мен бағыттары мыналар:

1) БЖАЫҚ қағидаттарын сақтай отырып, дәрігерге дейінгі, білікті, мамандандырылған медициналық көмек көрсету;

2) балаларға кезек күттірмейтін көмек көрсету;

3) балаларға жоғары технологиялық медициналық көмек көрсету;

4) балаларға профилактикалық іс-шаралар жүргізу:

скринингтік және профилактикалық тексерулер жүргізу;

вакцинация жүргізу;

зорлық-зомбылық пен жарақаттанудың алдын алу жөніндегі іс-шараларды қоса алғанда, жүкті әйелдер мен балалардың денсаулығы мен дамуына қауіп төндіретін балалардағы әлеуметтік және медициналық тәуекелдерді уақтылы анықтай отырып, патронаждық бақылау;

салауатты өмір салтын насихаттау және қалыптастыру жөніндегі іс-шараларды іске асыру;

тек емшек сүтімен және балаларды тамақтандыруды қолдау бойынша кеңес беру;

5) созылмалы аурулары бар балаларды динамикалық бақылау;

6) катамнезді және балалардың даму мониторингін қоса алғанда, ерте араласу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу;

7) балаларға медициналық оңалту және абилитация жүргізу;

8) балаларға паллиативтік көмек көрсету.

### **4-тарау. Амбулаториялық жағдайда педиатриялық көмек көрсетуді ұымдастыру тәртібі**

24. Амбулаториялық жағдайда педиатриялық көмекті бекітілген балалар халқы бар МСАК МҰ және меншік нысанына қарамастан консультациялық-диагностикалық орталықтар көрсетеді.

25. Амбулаториялық жағдайларда балаларға педиатриялық көмекті № ҚР ДСМ-305/2020 бұйрығына сәйкес дәрігерлер, кеңейтілген практиканың мейіргері, жалпы практика мейіргері, учаскелік мейіргері, мамандандырылған мейіргері, білім беру

ұйымдарындағы медициналық пункттің мейіргері (бұдан әрі – мейіргер ісінің мамандары), фельдшерлер, денсаулық сақтау саласындағы әлеуметтік жұмыс жөніндегі мамандар (бұдан әрі – әлеуметтік қызметкер), сондай-ақ психологтар көрсетеді.

26. МСАК ұйымдарына бекіту "Медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарына жеке тұлғаларды бекіту қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 13 қарашадағы № ҚР ДСМ-194/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21642 болып тіркелген) сәйкес жүргізіледі.

Бес жасқа дейінгі балаларды бекіту олардың нақты тұрғылықты жері бойынша жүзеге асырылады.

27. Баланың дамуы туралы мәліметтері бала туған күнінен бастап № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрықпен бекітілген "Амбулаториялық науқастың медициналық картасы" № 052/е нысанының 1 және 2 салым парақтарына сәйкес МСАК МҰ МАЖ-ға енгізеді.

28. Білім беру, әлеуметтік қорғау, мәдениет және спорт жүйелері ұйымдарына ұсыну үшін балалардың денсаулық жағдайы туралы ақпарат № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген № 052-2/е "Бала денсаулығы паспорты" нысанына сәйкес МАЖ-да автоматты түрде қалыптастырылады.

29. Жүкті әйелдерге, босанған әйелдерге және бес жасқа дейінгі балаларға осы Стандартқа 1-қосымшаға сәйкес патронаждың әмбебап схемасы бойынша тіркелген жері бойынша МСАК МҰ мамандарының патронаждық баруы жүргізіледі.

30. "Неонатология", "Педиатрия" мамандығы бойынша дәрігер босандыру ұйымдарынан жаңа туған нәрестелерді шығару кезінде "Қазақстан Республикасында неонаталдық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 31 наурыздағы № 52 бұйрығына (бұдан әрі – ҚР ДСМ № 52 бұйрығы) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32214 болып тіркелген) сәйкес жоғары, орта, төмен медициналық тәуекелдер топтарына бөледі.

31. ДЕАО жүргізеді:

"Скринингті ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 9 қыркүйектегі № 704 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6490 болып тіркелген) (бұдан әрі – ҚР ДСМ № 704 бұйрық) сәйкес жаңа туған нәрестелер мен ерте жастағы балаларға скринингтер жүргізу, өткізілген скринингтердің тиімділігін талдай отырып;

осы Стандартқа 2-қосымшаға сәйкес "М-СНАТ-R" балалар үшін аутизмге түрлендірілген скринингтік тест;

тұрмыстық зорлық-зомбылық пен балаға қатыгездіктің алдын алу;

дамуында алғаш рет анықталған ауытқулары бар балалардың мониторингі;

патронаждық бақылаудың тиімділігін жоспарлау, ұйымдастыру, жүргізу, мониторингілеу және бағалау;

баланың заңды өкілдерімен бірлесіп отбасын сүйемелдеудің жеке жоспарын әзірлеу, оның іске асырылуына мониторинг жүргізу;

балалардың психомоторлық, сөйлеу және физикалық дамуын бақылау, содан кейін ата-аналарға анықталған мәселелер бойынша кеңес беру;

балалардың заңды өкілдерімен бірлесіп ерте араласудың жеке жоспары (бұдан әрі – ЕАЖЖ) әзірлеу және іске асыру

балалар мен олардың отбасыларына қажеттілікті анықтау және ведомствоаралық көмекті ұйымдастыру

даму кемістігі бар балаларға мультипәндік топтың (бұдан әрі – МПТ) консультацияларын ұйымдастыру

бес жасқа дейінгі балалардың заңды өкілдеріне күтім мәселелері бойынша кеңес беру, үйде науқас балалар және ауытқулары бар психофизикалық дамуда балалар үшін;

позитивті ата-ана болу дағдыларын қалыптастыру, балалардың дамуы үшін ойындардың, оқудың, қарым-қатынастың маңыздылығын түсіндіру;

жүкті әйелге немесе бала емізетін анаға дұрыс тамақтану, отбасын жоспарлау, емшек сүтімен емізуді қолдау және релактация туралы ақпарат беру;

тек емшек сүтімен емізудің артықшылықтарын насихаттау және қолдау;

емшекпен емізу кезінде баланы дұрыс орналасу дағдыларын қалыптастыру және кеудеге салу техникасын сақтау;

өмірдің бірінші жылындағы балаларға емшек сүтін алмастырғыштарды тағайындау туралы мәселені шешу

баланың заңды өкілдерін санитарлық қауіпсіздік нормалары мен энергетикалық қажеттілікті ескере отырып, қосымша тағамдарды уақтылы енгізу және оларды практикалық дайындау дағдыларына үйрету;

балалар үшін жарақаттанудың, уланудың және жазатайым оқиғалардың алдын алу үшін қауіпсіз орта құру жөніндегі шараларды баланың заңды өкіліне/өкілдеріне түсіндіру;

баланың заңды өкілдерінің үйде тамақтануды ұйымдастыру тәсілдерін өзгерту;

баланың заңды өкілдерімен екі жасқа дейінгі балаларға қосымша тамақ дайындау және екі жастан асқан балаларға дұрыс тамақтану бойынша сабақтар (тренингтер, жеке әңгімелер, топтарда практикалық сабақтар) өткізу

үйде бес жасқа дейінгі балалардың дұрыс тамақтануын ұйымдастыру бойынша баланың заңды өкілдеріне сауалнама жүргізу.

32. Әрбір МСАК МҰ МПТ құрылады, оның құрамына учаскелік дәрігер, педиатр, невропатолог, психолог, әлеуметтік қызметкер, патронаждық мейіргер кіреді, бейінді мамандар тартылады.

33. МПТ функциялары:



осы Стандартқа 3-қосымшаға сәйкес көмек көрсету мерзімдерін айқындай отырып, ЕАЖЖ әзірлеу;

даму кемістігі бар балаларға көмек көрсету тиімділігінің мониторингі;

даму кемістігі бар балаларға мамандандырылған немесе паллиативтік көмек көрсету бойынша ұсынымдар әзірлей отырып, баланың заңды өкілдерін диагноз туралы хабардар ету;

баланың денсаулығы мен дамуына байланысты білім мен дағдыларды алудың қосымша көздеріне нұсқау (ақпараттық материалдар, БДК).

34. МПТ-ға жіберіледі:

психофизикалық дамуында алғаш рет анықталған ауытқулары бар балалар;

ҚР ДСМ № 52 бұйрығына сәйкес медициналық тәуекелдердің жоғары, орта, төмен топтарындағы балалар;

аурудың өршуі кезінде көмек көрсету тактикасын өзгертуді, баланың заңды өкілдерінің бас тартуы немесе МПТ ұсынымдарын орындамауы себебінен көмек көрсетуді қажет ететін балалар.

35. ЕАЖЖ баланың психофизикалық даму деңгейін және оның денсаулық жағдайын, дамуын, әлеуметтік ортасын және жоспарланған ерте араласуын ескере отырып, болжамды жетістіктерін көрсетеді.

36. Балалардың ЕАЖЖ учаскелік дәрігер және (немесе) жалпы практика дәрігерімен жүзеге асырылады.

37. МПТ ай сайын балаға ЕАЖЖ тиімділігін бағалау жүргізіледі. Тиімділік болмаған кезде ерте араласу тактикасы өзгереді.

38. ДЕАО-да психикалық және физикалық дамуында ауықуы бар балалар көмек алатын стационарлық көмек көрсететін медициналық ұйымдарға, консультацияға, диагностикаға, емдеуге немесе оңалтуға (абилитацияға), ерте араласу орталықтарына, оңалту орталықтарына, денсаулық сақтау ұйымдары жанындағы дамуында кемістігі бар жетім балаларға, туғаннан бастап үш жасқа дейінгі ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, туғаннан бастап төрт жасқа дейінгі, балаларға 12 айға дейін кешенді көмек алу үшін "Ақ Қанат" күндізгі емделу бөлімшесіне (тобына) жолданады.

39. МСАК МҰ учаскелік және (немесе) жалпы практика дәрігері:

"Мектепке дейінгі, мектеп жасындағы балаларды, сондай-ақ техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарының білім алушыларын қоса алғанда, халықтың нысаналы топтарына профилактикалық медициналық қарап-тексерулерді жүргізу қағидаларын, көлемі мен мерзімділігін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 15 желтоқсандағы 2020 жылғы № ҚР ДСМ-264/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21820 болып тіркелген) сәйкес профилактикалық медициналық қарап тексерулер жүргізу;

"Медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде оларға қарсы міндетті профилактикалық екпелер жүргізілетін аурулардың тізбесін, екпелер жүргізу қағидаларын, мерзімдерін және халықтың профилактикалық екпелерге жататын топтарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 24 қыркүйектегі № 612 қаулысына сәйкес балаларға иммунопрофилактика жүргізу;

"Медициналық оңалту көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 7 сәуірдегі № 65 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32263 болып тіркелген) сәйкес балаларды қалпына келтіру емі мен медициналық оңалтуды және абилитацияны ұйымдастыру және жүргізу.

созылмалы аурулары бар балаларды динамикалық байқауды бағалау және мониторингілеу;

медициналық көрсетілімдері бар балаларға диагностикалық іс-шараларды ұйымдастыру және жүргізу;

медициналық көрсетілімдері бар болған кезде науқас балаларды стационарлық емдеуге жіберу;

тіркелген балалар денсаулығын нығайту жөніндегі іс-шараларды кейіннен әзірлей отырып, балалардың сырқаттанушылығының, мүгедектігінің және өлімінің (ауруханаға дейінгі және ауруханадағы) негізгі медициналық-статистикалық көрсеткіштерінің мониторингі мен талдауы;

"Қазақстан Республикасының белгілі бір аурулары (жай-күйлері) бар азаматтарының жекелеген санаттарын тегін және (немесе) жеңілдікті амбулаториялық қамтамасыз етуге арналған дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы тізбесін бекіту туралы" № ҚР ДСМ-75 (Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23885 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес (бұдан әрі - № ҚР ДСМ-75 бұйрық) амбулаториялық деңгейде созылмалы аурулары бар балаларды дәрілік препараттармен қамтамасыз етуді ұйымдастыру;

40. Балалар педиатрға барады:

диагнозы тексеру қиын аурулар;

аурулардың жиі қайталануы және декомпенсация сатысындағы аурулар кезінде;

басқару немесе емдеу тактикасын анықтау бойынша даулы мәселелер;

ұзаққа созылған аурулардан кейін иммундау туралы мәселені шешу;

учаскелік МСАК қызметі деңгейінде жүргізілетін емдеу іс-шараларының тиімсіздігі

41. Педиатрдың функциялары:

диагнозды верификациялаудың күрделі жағдайларында балаларға консультациялық-диагностикалық көмек көрсетеді;

ерте тағайындалған емдеу тиімсіз болған кезде баланы одан әрі жүргізу тактикасына және емдеу-диагностикалық іс-шараларға түзету жүргізу;

жоғары технологиялық медициналық көмек алған созылмалы аурулары бар балаларды, оның ішінде шетелде де динамикалық бақылау;

өңірдің көпсалалы балалар стационарымен телемедицина құралдары бойынша консультациялар ұйымдастырады және өткізеді.

42. Патронаж барысында әмбебап схема бойынша патронаждық мейіргер:

жүкті әйелге алғашқы патронаж кезінде осы Стандартқа 4-қосымшаға сәйкес оның денсаулығы үшін тәуекелдерді бастапқы бағалауды жүргізеді;

бала туылғаннан кейінгі алғашқы патронаж кезінде осы Стандартқа 5-қосымшаға сәйкес баланың денсаулығы мен даму қаупінің дәрежесін бастапқы бағалауды жүргізеді.

43. Әмбебап схема бойынша кейінгі патронаждар кезінде патронаждық мейіргер тәуекелдерді (жаңа тәуекелдердің болуы, олардың айқындылық дәрежесі, ерте анықталған тәуекелдердің өзгеру динамикасы) бағалайды.

44. Патронаждық мейіргер осы Стандартқа 6-қосымшаға сәйкес МСАК МҰ логотипі бар көк түсті патронаждық сөмкемен жарактандырылады.

45. Әмбебап схема бойынша жаңа туған нәрестелерді алғашқы патронаждау кезінде учаскелік дәрігер және (немесе) жалпы практика дәрігері, ол болмаған кезде фельдшер осы стандартқа 7-қосымшаға сәйкес жаңа туған нәрестені жалпы қарап-тексеруді жүргізеді

46. Патронаждық мейіргер жүкті әйелдерге әмбебап патронаж кезінде келесі жұмыстарды жүргізеді:

1) жүкті әйелдің эмоционалды жағдайын бағалау;

2) жүкті әйелдің өмір сүру жағдайларын бағалау;

3) жүкті әйелден оның және оның болашақ баласының денсаулығы үшін психоэлеуметтік және медициналық қауіптердің болуы туралы сауалнама;

4) жүкті әйелдің және оның болашақ баласының денсаулығы үшін қауіп деңгейін бағалау (төмен, орташа, жоғары);

5) осы Стандартқа 8-қосымшаға сәйкес тақырыптық бағыттар бойынша жүкті әйелдің және оның туылмаған баласының денсаулығы мәселелері бойынша, оның ішінде жүктілікке, босануға және босанғаннан кейінгі кезеңге байланысты жаңа тәуекелдер мен ықтимал тәуекелдерді анықтауға бағытталған мақсатты және алдын ала консультацияны қоса алғанда, ақпараттандыру және консультация беру олардың алдын алу немесе салдарын азайту жөніндегі іс-шараларды әзірлеу;

6) баланың денсаулығы мен дамуына байланысты білім мен дағдыларды алудың қосымша көздері туралы кеңес беру (ақпараттық материалдар, БДК).

47. Патронаждық мейіргер бес жасқа дейінгі балаларға әмбебап патронаж кезінде келесі жұмыстарды жүргізеді:

- 1) баланы қарап тексеру;
- 2) баланың дамуын бағалау және мониторингілеу;
- 3) баланың заңды өкілдерінің эмоционалдық жай-күйін бағалау және мониторингілеу;
- 4) баланың өмір сүру жағдайларын бағалау және мониторингілеу;
- 5) баланың денсаулығы мен дамуы үшін психоәлеуметтік және медициналық тәуекелдердің болуы туралы баланың заңды өкілдеріне сауалнама жүргізу;
- 6) баланың денсаулығы мен дамуы үшін тәуекелді (төмен, орташа, жоғары) бағалау және мониторингілеу;
- 7) баланың заңды өкілдеріне баланың денсаулығына және оның жасына сәйкес даму мәселелері бойынша, оның ішінде болашақта, баланың даму кезеңдерімен байланысты жаңа тәуекелдер мен ықтимал тәуекелдерді анықтауға және олардың алдын алу немесе салдарын азайту жөніндегі іс-шараларды әзірлеуге бағытталған мақсатты және алдын ала кеңес беруді қоса алғанда, хабардар ету және кеңес беру;
- 8) бала күтімі және оны тәрбиелеу бойынша практикалық дағдыларды көрсете отырып, баланың заңды өкілдерін оқыту;
- 9) баланың денсаулығы мен дамуына байланысты білім мен дағдыларды алудың қосымша көздері туралы кеңес беру (ақпараттық материалдар, БДК).

48. Орташа немесе жоғары қауіп анықталған жағдайда салдарын жою мақсатымен, төмендету немесе жеңілдету үшін қауіп бағалаудан, жеке жоспардан тұратын отбасы қауіп-қатер кейсі құрылады.

49. Орташа қауіп анықталған кезде:

- 1) патронаждық мейіргер жүкті әйелмен немесе баланың заңды өкілдерімен бірлесіп осы Стандартқа 9-қосымшаға сәйкес отбасын прогрессивті сүйемелдеудің жеке жоспарын жасайды және оны МПТ басшысына береді;
- 2) МПТ басшысы жүкті әйелмен немесе баланың заңды өкілдерімен келісілетін толықтырулар мен өзгерістер енгізілетін отбасыны прогрессивті сүйемелдеудің жеке жоспарын қарайды және бекітеді;
- 3) Әлеуметтік және психологиялық тәуекелдер анықталған кезде МСАК МҰ әлеуметтік қызметкер мен психологы прогрессивті сүйемелдеудің жеке жоспарына сәйкес отбасына консультация жүргізеді;
- 4) патронаждық мейіргер отбасына қосымша баруды жүзеге асыру жолымен отбасын прогрессивті сүйемелдеудің жеке жоспарының орындалуын қамтамасыз етеді, оның ішінде қосымша консультация және оқыту ұсынады, денсаулық сақтау мен басқа да секторлардың қолжетімді қызметтері туралы хабардар етеді және оларды алуға көмектеседі, тиімділігіне кейіннен мониторинг жүргізе отырып, басқа мамандарға жіберуді жүзеге асырады, баланың және отбасының басқа да мүшелерінің құқықтары

мен мүдделерін қорғайды, осылайша олардың ықтимал әсерін жоюға немесе азайтуға ықпал етеді, сонымен қатар жоспардың орындалу барысын бақылайды, жоспардың тиісті бағанында тармақтардың орындалуы туралы белгілер қояды;

5) отбасын прогрессивті сүйемелдеудің жеке жоспарының барлық тармақтары іске асырылғаннан кейін патронаждық мейіргер тәуекелді/тәуекелдерді жоюды немесе тәуекел/тәуекелдер дәрежесін айқындай отырып, олардың ықтимал салдарларын жұмсартуды (не өзгеріссіз қалды, не ұлғайды)көрсете отырып, нәтижені бағалайды және алдын ала қорытынды қалыптастырады;

6) МПТ басшысы патронаждық мейіргердің жеке жоспарының орындалуын қарайды және бағалайды және отбасын прогрессивті сүйемелдеуді аяқтау немесе жаңа жеке жоспарды әзірлеу туралы шешім қабылдайды;

7) МПТ басшысы ай сайын отбасыларды прогрессивті сүйемелдеудің барлық қолданыстағы жоспарларының орындалуына мониторинг жүргізеді және қосымша өзгерістер енгізеді және оларды орындау үшін шаралар қабылдайды.

50. Жоғары қауіп анықталған жағдайда:

1) патронаждық мейіргер осы Стандартқа 10-қосымшаға сәйкес МПТ басшысына отбасы туралы ақпаратты береді;

2) жоғары әлеуметтік және/немесе психологиялық тәуекелдер МСАК МҰ әлеуметтік қызметкер және/немесе психологы олар анықталғаннан кейін дереу отбасының қажеттіліктеріне терең (қайталама) бағалау жүргізеді/іледі, оның негізінде МПТ басшысы МПТ ішінде кейс жүргізу жөніндегі міндеттерді бөледі және МПТ ішінде істі жүргізу үшін жауапты (әлеуметтік қызметкер немесе психолог) айқындайды (бұдан әрі – кейс-менеджер)

3) кейс-менеджер жүкті әйелмен немесе баланың заңды өкілдерімен байланыста отбасын прогрессивті сүйемелдеудің жеке жоспарының жобасын жасайды;

4) МПТ басшысы прогрессивті сүйемелдеудің жеке жоспарын қарайды және бекітеді, жүкті әйелмен немесе баланың заңды өкілдерімен келісім бойынша өзгерістер енгізеді;

5) МПТ басшысы ведомствоаралық өзара іс-қимыл шеңберінде басқа ұйымдар ұсынуы тиіс жоспарланған қызметтерге баса назар аудара отырып, баланың денсаулығы мен дамуы үшін не жүкті әйелдің денсаулығы үшін жоғары қауіп фактісі туралы МСАК МҰ бөлімше меңгерушісін, бас дәрігердің орынбасарын немесе бас дәрігерін отбасын прогрессивті сүйемелдеудің жеке жоспарын ұсына отырып хабардар етеді;

6) кейс-менеджер отбасына қосымша бару жолымен отбасын прогрессивті сүйемелдеудің жеке жоспарын орындауға қолдауды қамтамасыз етеді, оның ішінде қосымша кеңес беру мен оқытуды ұсынады, денсаулық сақтау және басқа секторлардың қолжетімді қызметтері туралы хабардар етеді және оларды алуға көмектеседі, нәтижелерді кейіннен бағалап, басқа мамандарға қайта жіберуді жүзеге

асырады, баланың және басқа да секторлардың құқықтары мен мүдделерін қорғайды және сол арқылы анықталған қауіптердің қарқындылығын жоюға немесе төмендетуге не олардың ықтимал әсерін азайтуға ықпал етеді, сондай-ақ жоспардың тиісті бағанындағы тармақтардың орындалуы туралы белгілер жасай отырып, жоспардың орындалу барысын қадағалайды;

7) отбасын прогрессивті сүйемелдеудің жеке жоспарының барлық тармақтарын орындағаннан кейін кейс-менеджер алынған нәтижені бағалайды және алдын ала қорытынды қалыптастырады: тәуекелдерді/тәуекелдерді жоюды немесе тәуекел/тәуекел дәрежесін айқындай отырып, олардың ықтимал салдарын азайтуды көрсете отырып (не өзгеріссіз қалды, не ұлғайды);

8) МПТ басшысы кейс-менеджердің жеке жоспардың орындалуы туралы қорытындысын қарайды және бекітеді және отбасын прогрессивті сүйемелдеуді тоқтату туралы не жаңа жоспарды әзірлеу туралы шешім қабылдайды және МСАК МҰ бөлімше меңгерушісін, бас дәрігердің орынбасарын және бас дәрігерін өзінің шешімі туралы хабардар етеді;

9) МПТ басшысы ай сайын отбасыларды прогрессивті сүйемелдеудің барлық қолданыстағы жоспарларының орындалуына мониторинг жүргізеді және оларды іске асыру үшін шаралар қабылдай отырып, олардың мазмұнына өзгерістер мен толықтырулар енгізеді.

51. Әрбір МСАК МҰ осы Стандартқа 11-қосымшаға сәйкес МПТ мамандарына қолжетімді көрсетілетін қызметтер тізбесімен, жауапты тұлғалардың мекенжайларымен және байланыс телефондарымен әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде әрекет ететін әйелдер мен балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдардың тізімін жасайды.

52. "Динамикалық байқауға жататын созылмалы аурулардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 23 қыркүйектегі № ҚР ДСМ-109/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21262 болып тіркелген) сәйкес созылмалы аурулары бар балаларға ҚР ДСМ № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген "Амбулаториялық пациенттің медициналық картасы" № 052/е нысанына 5-ші салым парағына сәйкес нысан бойынша жүргізу жоспарын жасай отырып, динамикалық байқау қамтамасыз етіледі.

53. Білім беру, әлеуметтік қорғау, мәдениет және спорт жүйелері ұйымдарына ұсыну үшін балалардың денсаулық жағдайы туралы ақпарат № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген № 052-2/е "Бала денсаулығы паспорты" нысанына сәйкес МАЖ-де автоматты түрде қалыптастырылады.

54. Профилактикалық егулерді есепке алу егу жүргізілетін жердегі МҰ-да ( босандыру ұйымдары, МСАК МҰ, балалар стационарлары), білім беру, мектепке дейінгі тәрбие және оқыту объектілерінде сақталатын № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген нысандар: № 065/е "Профилактикалық егу картасы", № 066/е "

Профилактикалық егулерді есепке алу журналы" есепке алу нысандарындағы жазбалармен жүзеге асырылады және МАЖ-ға енгізіледі.

55. Науқас балаға күтім жасау бойынша баланың заңды өкілдеріне еңбекке уақытша жарамсыздық парағын немесе анықтамасын ресімдеу және беру, баланы мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарына ауру кезеңінде барудан босату үшін еңбекке уақытша жарамсыздық туралы анықтама "Еңбекке уақытша жарамсыздыққа сараптама жүргізу, сондай-ақ еңбекке уақытша жарамсыздық парағын немесе анықтамасын беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 18 қарашадағы № ҚР ДСМ-198/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21660 болып тіркелген) сәйкес (бұдан әрі – № ҚР ДСМ-198/2020 бұйрық) жүзеге асырылады.

56. Білім беру ұйымдарының оқушыларын ауыру жағдайында аралық және қорытынды емтихандарынан босату Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 7 сәуірдегі № ҚР ДСМ-34 "Дәрігерлік-консультациялық комиссияның қызметі туралы ережені бекіту туралы" бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 27505 болып тіркелген) сәйкес дәрігерлік-консультациялық комиссияның (бұдан әрі – ДКК) шешімі негізінде жүзеге асырылады.

57. Дене функцияларының тұрақты бұзылуымен ДКК шешімімен балалар " Медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 29 маусымдағы № 260 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32922 болып тіркелген) сәйкес медициналық-әлеуметтік сараптамаға жіберіледі.

58. Мүгедектік белгіленген кезде мүгедек балаларды оңалту жіне абилитация жеке бағдарламаларын әзірлеу және орындау жүргізіледі.

59. Учаскелік дәрігер және (немесе) жалпы практика дәрігері № 068/е "Жолдама алу үшін анықтама", № 069/е "Санаторийлік-курорттық карта", № 070/е "Балалар санаторийіне жолдама" нысандарына сәйкес балаларды санаторийлік-курорттық емдеу үшін, № 071/е нысаны бойынша балалар сауықтыру лагеріне жіберу № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген "Сауықтыру лагеріне баратын оқушыға медициналық анықтама" үшін медициналық құжаттаманы ресімдеуді жүзеге асырады.

60. Үйде педиатриялық көмек көрсету "Қазақстан Республикасында медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 30 наурыздағы № 49 бұйрығымен регламенттеледі ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32160 болып тіркелген).

Учаскелік дәрігер және (немесе) жалпы практика дәрігері тарапынан басқа мамандардың ұсынымдары бойынша стационардан шыққаннан кейін, шұғыл медициналық көмек шақырған жағдайда белсенді қарау жүргізіледі.

#### **5-тарау. Стационарлық және стационарды алмастыратын жағдайларда педиатриялық көмек көрсетуді ұйымдастыру тәртібі**

61. Стационарлық жағдайлардағы педиатриялық көмек "Қазақстан Республикасында стационарлық жағдайларда медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 24 наурыздағы № ҚР ДСМ-27 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 27218 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылады.

62. Жаңа туған нәрестелерге стационарлық жағдайда медициналық көмек көрсету " Қазақстан Республикасында неонаталдық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 31 наурыздағы № 52 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32214 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылады.

63. Педиатриялық көмекті жүзеге асыратын стационардың қабылдау бөлімшесінің жұмысы "Қазақстан Республикасында стационарлық жағдайда медициналық көмек көрсететін медициналық ұйымдардың қабылдау бөлімшелерінде шұғыл медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 2 сәуірдегі № ҚР ДСМ-27 бұйрығына сәйкес ұйымдастырылған (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22493 болып тіркелген)

64. Стационарлық жағдайда диагнозды верификациялау қиындық тудырса, балаларды жүргізу тактикасын анықтау үшін телемедицина жүйесі арқылы облыстардың, республикалық маңызы бар МҰ бейінді мамандарымен консультация жасалынады. Медициналық көрсетілім болса, балалар бейінді бөлімшеге ауыстырылады.

65. Бала стационарға қауыпты жағдайда түскен кезде, бір әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде алғашқы 24 сағат ішінде, республика шегінде алғашқы 36 сағат ішінде тиісті жарақтары мен кәсіби кадрлары бар мамандандырылған МҰ-ға ауыстыру жүзеге асырылады. Денсаулық жағдайына байланысты тасымалдауға қарсы көрсетілімдерді қоспаған жағдайда.

66. Балаларды тасымалдау көлікте "өзіне" қағидаты бойынша сәйкес келетін диагнозға, жағдайдың ауырлығына және жас ерекшеліктері мен физиологиялық қажеттіліктерді ескеретін жабдықталған көлікпен, соның ішінде медициналық авиацияны тарта отырып жүзеге асырылады.



67. Бес жасқа дейінгі бала анасымен бірге, анасының жағдайының ауырлығына немесе оның болмауына байланысты, баланың заңды өкілдерінің бірінің еруімен тасымалданады

68. Бес жасқа дейінгі балаларды, сондай-ақ дәрігерлердің қорытындысы бойынша қосымша күтімді қажет ететін ересек жастағы науқас балаларды стационар жағдайында емдеу кезінде анасына (әкесіне) немесе тікелей бала күтімін жүзеге асыратын өзге де адамға МҰ-да онымен бірге бола алады және № ҚР ДСМ-198/2020 бұйрығына сәйкес еңбекке уақытша жарамсыздық парағы немесе анықтамасы беріледі.

Бір жасқа дейінгі баланың емізетін анасы бала күтімі бойынша стационарлық жағдайда көмек көрсететін медициналық ұйымда бүкіл болу кезеңіне тегін тамақпен қамтамасыз етіледі.

69. Балаларды реанимация және қарқынды терапия бөлімшесіне жатқызу кезінде баланың заңды өкілдерінің біріне келу үшін белгілі бір сағат белгілей отырып, жағдайының ауырлығына қарамастан, "ашық реанимация" қағидаты бойынша бала күтіміне қатыса алады.

70. Балаларды стационардан шығару оның жағдайы қанағаттанарлық және тәулік бойы медициналық бақылау үшін медициналық көрсетілімдер болмаған кезде жүзеге асырылады.

71. Алынған емдеудің көлемі туралы ақпарат және одан әрі емдеу жүргізу жөніндегі ұсынымдар № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген "Амбулаториялық, стационарлық пациенттің медициналық картасынан үзінді көшірме" № 001-1/е нысаны бойынша МСАК ұйымына ұсыну үшін ресімделеді.

72. Стационарлық жағдайдан шығарылғаннан кейін бірінші тәулік ішінде МҰ мамандары белсенді патронаж жүргізу үшін баланы тіркеу орны бойынша МСАК ұйымына ақпарат береді.

73. Стационарлық және стационарды алмастыратын жағдайлардағы медициналық көмек:

1) мамандандырылған, оның ішінде жоғары технологиялық медициналық көмек көрсету;

2) "ҚР балаларға стационарлық көмек көрсету" қалта анықтамалығына сәйкес тәулік бойы жұмыс істейтін стационарға жүгінген барлық балаларды шұғыл белгілері бойынша және жай-күйінің ауырлығына байланысты сұрыптау;

3) балаларға шұғыл және жоспарлы медициналық көмек көрсету;

4) зертханалық және аспаптық зерттеу жүргізу;

5) анықталған нозология мен диагностикамен емдеудің клиникалық хаттамаларына сәйкес балалардағы аурулар мен патологиялық жағдайларды диагностикалаудың, емдеудің қазіргі заманғы әдістерін қолдану;

6) дәрігердің күн сайынғы тексеруі, бөлімше меңгерушісінің тексеруі (алғашқы тәулікте түскен кезде, қайтадан аптасына кемінде 1 рет);

7) бейінді мамандардың консультацияларын (көрсетілімдерге байланысты) және консилиумдарды (пациент жағдайының ауырлық дәрежесіне байланысты) ұйымдастыру;

8) № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығына сәйкес медициналық құжаттаманы ресімдеу және жүргізу;

9) қолдаушы күтімді қамтамасыз ету (баламалы тамақтандыруды қолдау, су балансын қолдау, ауырсынуды бақылау, қызба, оттегі терапиясын жүргізу, ойыншыққа қол жеткізу және ойнау арқылы баланы эмоциялық қолдау);

10) заңды өкілдерге тиімді тамақтану, баланы эмоциялық қолдау, жүргізілетін емдеу және терапияның күтілетін нәтижесі мәселелері бойынша түсінікті түрде консультация беру;

11) толық емделуге жатпайтын, ауыр аурулары бар балалардың заңды өкілдерін үй жағдайында күтім жасауға үйрету, соның ішінде стомаларды күту, төсекжараны алдын алу.

74. Балаларды медициналық оңалту "Медициналық оңалту көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 7 сәуірдегі № 65 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32263 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылады.

75. Стационарды алмастыратын жағдайларда бес жастан асқан балаларға медициналық көмек "Қазақстан Республикасында стационарды алмастыратын жағдайларда медициналық көмек көрсету стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 7 маусымдағы № 106 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32740 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылады.

#### **6-тарау. Педиатриялық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарының штаттары**

76. МСАК ұйымдарында амбулаториялық деңгейде педиатр дәрігерлердің штаты 6 жасқа дейінгі 2 мың балаға 1 педиатр лауазымы есебінен белгіленеді, 1 дәрігерлік ставкаға орта медициналық персоналдың 1 ставкасы белгіленеді.

77. ДЕАО-да педиатрия мамандығы бойынша дәрігерлер, жалпы практика дәрігері жұмыс істейді. ДЕАО ең аз штаты осы Стандартқа 12-қосымшаға сәйкес белгіленеді;

78. ОЭО-ның ең аз штаты осы Стандартқа 13-қосымшаға сәйкес белгіленеді;

79. Стационарлық жағдайларда педиатриялық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарының штаттары осы Стандартқа 14-қосымшаға және бейінді стандарттарға сәйкес белгіленеді.

#### **7-тарау. Педиатриялық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарын медициналық бұйымдармен жарақтандыру**

80. БДК жарақтандыру осы Стандартқа 15-қосымшаға сәйкес жүзеге асырылады.

81. ОӘО жарақтандыру осы Стандартқа 16-қосымшаға сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасында  
педиатриялық көмек көрсетуді  
ұйымдастыру стандартына  
1-қосымша

### Әмбебап патронаж сызбасы

Халық санаты	Тексеру мерзімі (баланың жасы)	Келу саны	
		Учаскелік дәрігер немесе ол болмаған кезде фельдшер	Патронажды жүзеге асыратын мейіргер ісінің маманы
Жүктіліктің 12 аптасында	12 апта		үйде - 1 рет
Жүктіліктің 32 аптасында	32 апта		үйде - 1 рет
Барлық жаңа туған нәрестелер мен балалар	Перзентханадан шыққаннан кейін алғашқы 3 күн	үйде - 1 рет	үйде - 1 рет (дәрігермен бірге)
	Өмірдің 14 күні		үйде - 1 рет
	1 ай	қабылдауда - 1 рет	-
	1,5 ай		үйде - 1 рет
	2 ай	қабылдауда - 1 рет	
	3 ай	қабылдауда - 1 рет	-
	4 ай	қабылдауда - 1 рет	-
	5 ай	-	үйде - 1 рет
	6 ай	қабылдауда - 1 рет	-
	7 ай	қабылдауда - 1 рет	-
	8 ай	қабылдауда - 1 рет	-
	9 ай	—	үйде - 1 рет
	10 ай	қабылдауда - 1 рет	-
	11 ай	қабылдауда - 1 рет	-
	12 ай (1 жыл)	қабылдауда - 1 рет	—
	15 ай (1 жыл 3 ай)	—	үйде - 1 рет
	18 ай (1 жыл 6 ай)	қабылдауда - 1 рет	—
	21 ай (1 жыл 9 ай)	—	үйде - 1 рет
	24 ай (2 жыл)	қабылдауда - 1 рет	—
	27 ай (2 жыл 3 ай)	қабылдауда - 1 рет	-
30 ай (2 жыл 6 ай)	қабылдауда - 1 рет	-	

	33 ай (2 жыл 9 ай)	–	үйде - 1 рет
	36 ай (3 жыл)	қабылдауда - 1 рет	–
	48 ай (4 жыл)	қабылдауда - 1 рет	
	60 ай (5 жыл)	қабылдауда - 1 рет	
	33	1 рет үйге бару, дәрігердің қабылдауында 17 қарап-тексеру немесе ол болмаған кезде фельдшердің қабылдауында тексеру	Мейіргер ісі маманының үйге 10 рет баруы
Балалардың барлық бақылаулары			

Қазақстан Республикасында  
педиатриялық көмек көрсетуді  
ұйымдастыру стандартына  
2-қосымша

### Балалар үшін аутизмге арналған түрлендірілген скринингтік тест

р/н №	Сұрақ	Жауаптар	
1	Бөлмедегі қандай да бір затты нұсқасаңыз, балаңыз оған қарай ма? (мысалы, ойыншықты немесе жануарды нұсқасаңыз, балаңыз ойыншыққа немесе жануарға қарай ма?)	Иә	Жоқ
2	Сізге бұрын-соңды балаңыздың құлағы естімеуі мүмкін деген ой келді ме?	Иә	Жоқ
3	Сіздің балаңыз кейіп танытқанды ұната ма? (мысалы, бос ыдыстан ішіп жатқан, телефонмен сөйлескен, қуыршақты немесе ойыншық жануарды тамактандырған бола ма?)	Иә	Жоқ
4	Сіздің балаңыз заттардың үстіне мініп алғанды ұната ма? (мысалы, жиһазға, ойын алаңына, баспалдаққа?)	Иә	Жоқ

5	Балаңыз басы мен көздерінің маңында саусақтарымен әдеттен тыс қимылдар жасай ма? (мысалы, көздерінің жанында саусақтарын қозғалтады?)	Иә	Жоқ
